

было отмечено, что важность воспитания поколения в молодом возрасте отражена в великих произведениях автора. Рассмотрено современное значение стихотворений и рассказов. Рассказы Ибрая Алтынсарина были проанализированы как качественный способ воспитания подрастающего поколения. Великий писатель оставил непреходящее, жизнеутверждающее наследие произведений, способствующих развитию сознания и знаний детей. Работы автора показывают, как обучать ценностям с помощью новых технологий. Ключевые слова. Личность, ценность, национальный идеал, технология обучения

Reflection of values in the work of I. Altynsarin and his training in new technologies

D.K. Kazhibaeva¹, G.K. Kazhibaeva²

¹ Pavlodar Pedagogical College named after B. Akhmetov, Pavlodar, Republic of Kazakhstan.

² Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Republic of Kazakhstan.

The article discussed the values of Ybyrai Altynsarin's works, the secret suspense of life, the place of education of modern children, and the aspects of not eliminating their importance. Reflecting on the creative nature of the great educator, his works reflect edited national heritage, labor, education, spirituality. It was noted that the importance of raising a generation at a young age is related to the great works of the Enlightenment. The modern meaning of poems and stories was considered. Ibray Altynsarin's stories were analyzed as a quality way to educate the younger generation. It was noted that the writer has left a lasting and lasting legacy of works that contribute to the consciousness and knowledge of children. The author's works show how to teach values with new technologies.

Keywords: Personality, value, national ideals, teaching technology

FTAMP 14.01.45

Б.Е.Акмагамбетова¹, Н.К.Смагулова²

¹Докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ, 010000. Қазақстан Республикасы. <https://orcid.org/0000-0002-9662-893> E-mail: bibigul1013@mail.ru

²ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ, 020000. Қазақстан Республикасы.

<https://orcid.org/0000-0002-8822-5807> E-mail: Smaghulova13@mail.ru

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту жолдары мәселесі қарастырылған. Инновациялық педагогикалық технологиялар мен әдістердің аясында оқу-зерттеу қызметі ерекше орын алады. Мақалада зерттеушілік дағды қалыптастыру жұмыстары бастауыш мектептен жақсы жолға қойылуы өте маңызды екені айқындалған. Себебі дәл осы жастағы оқушыларға белсенді, шығармашылық және өзіндік іс-әрекеті, талдау, синтездеу және олардың нәтижелерін бағалау әдістері туралы білімнің, дағдылардың негізі қалануы керек екені сараланған. Зерттеу жұмысы - бұл мәселені шешудің маңызды жолдарының бірі екендігі нақтыланған. Сондықтан оқушыларды "зерттеуші" позициясына қоятын әрекет қазіргі заманғы білім беру жүйелерінде жетекші орын алады. Оқу-зерттеу іс – әрекеті-бұл оқушылардың, зерттеу дағдыларын, білім алушы үшін субъективті жаңа білім мен іс-әрекет болып табылатындығы айқындалған.

Кілт сөздер: зерттеушілік, дағды, талдау, синтез, өзіндік іс-әрекет, шығармашылық, білім беру, бағалау әдістері.

КІРІСПЕ

Халықтың руани байлығы – әдебиет. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы өзінің әйгілі «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «Әдебиет - сөз өнері» деп анықтама берген болатын. Көркем әдебиет туралы дала данышпандары, зерттеуші ғалымдар, әдебиеттанушылар ұлт әдебиеті туралы көптеген құнды пікірлер айтқан. А.Байтұрсынұлов көрнек өнерін бес тарауға жіктей келе: «... бесінші – нәрсенің жайын, күйін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту – бұл сөз өнері болады. Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Өлең тіліне ой сезімнің өткірлігі, тереңдігі тән» – дейді [1,4].

Ұлттың ұлылығын, ата-бабаның асыл мұрасын, парасаты мен пайымын танытатын, ұрпақты рухани ізгі қасиетке тәрбиелейтін ұлт әдебиеті қашанда құнды, әрі қасиетті.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Мектепте қазақ әдебиеті пәнінің оқушыны тұлға ретінде қалыптастырудағы орны ерекше. Себебі көркем шығарма табиғаты баланың қиялына ғана әсер етіп қоймайды оның ойы мен білімінің дамуына да жан-жақты әсер етеді. Мектеп бағдарламасына енгізілген көркем шығармалар оқушының рухани тұрғыдан кемелденуіне негізделетіні анық. Сондықтан да мұғалім көркем шығарманы оқытуда өзінің әдістемелік шеберлігін үнемі шыңдап отыруы қажет. Әдебиет сабағының басты нысаны көркем туынды. Мектеп бағдарламасына енгізілген лирикалық, эпикалық, драмалық шығармалар көбінесе ұлт әдебиетінің жауһар мұраларынан алынған үзінділер болып табылады. Шығармадан алынған үзіндіні оқытудың өз ерекшелігі бар. Сюжеттен үзіп алынғандықтан оқушыға түсінуге кей тұстарда қиындық туғызуы мүмкін. Бұны да есте ұстау керек.

НӘТИЖЕ

Көркем шығарманы әр оқушы өзінше қабылдайды. Кейбір оқушыларды көркем шығарма сюжеті қатты еліктіріп, көңіл күйіне әсер етіп жататыны да кездеседі. Орта буын сыныптарының оқушылары басты кейіпкерге ұқсағысы келіп немесе оның іс-әрекетінен үлгі алып, тіпті оның ісін жалғастырғысы да келіп жататыны шындық. Себебі көркем шығарма оқу барысында оқушыларды шығарма сюжеті мен кейіпкерлер тағдыры толғандырады кеді тіпті қызықтырады. Сондықтан осыған байланысты оқушылар өздерінің көңіл күйлерін білдіре алады.

Пән мұғалімі көркем шығарманы талдау кезінде онда көтерілген проблем, басты тақырыбы мен идеясы, көркем тілі, жазушы стилі сияқты сияқты сол көркем туындыны құрып тұрған көркемдік құрылымдарды жан-жақты қарастырып, талдау жасау қажет. туралы. «Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркем сөз сипатын ашатын заңдылықтарды білуі керек. Сондай-ақ көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс», - дейді белгілі әдіскер мұғалім Қ.Бітібаева. [2, 9 б]

Көркем туындыны оқытуда ең алдымен оқушыларға мәтіннің мазмұны игертіледі. Шығарманың мазмұнын меңгерген оқушы оны талдау кезінде кедергіге кездеспейді. Көркем туындының мазмұнын меңгеру оқушыларды көркемдік ойды эстетикалық тұрғыда қабылдауға дағдыландырады. Себебі көркем туындыны талдау дағдыларын, іскерлігі мен машықтарын дамыту үшін шығарма сюжетін толық меңгеру ең ұтымды жол

болып табылады. Мұғалім көркем туындыны талдау барысында мынадай міндеттерді алға шығарады:

1. Көркем туындыда көтерілген мәселе, автор ойы, идея, көркемдік құрамды бөлшектер,оны талдау; сол бойынша жұмыстар орындату;
2. оқушыны оқыған шығармаларын талдай білуге машықтандыру, дағды-іскерліктерін жетілдіру, әдеби талдауды үйрету қызметін ұйымдастырады.

Көркем мәтінмен жұмыс түрлері:

1. «Болжам» стратегиясы

оқиға мазмұны арқылы баланы қиялдату, ойын сыни көзқарасын дамыту проблемалық мәселе туғызу.

2. «Пікір алмасу» стратегиясы

оқушылар бір қорытындыға келетін мәселеге байланысты пікір таластырады, пайдалы пайдасыз жақтарын шешеді, белгілі бір тақырыпты алып әлеуметтік өмірімен байланыстыра отыра өз көзқарасын дамытады.

3. «Авторға сұрақ қою» стратегиясы

Оқушылар оқылған көркем шығарма бойынша өздерін толғандырған мәселе негізінде авторға сұрақ жолдайды.

4. «Елес құшағында» стратегиясы

«Партаға жатып барлық проблемалардан айырылып тек бүгінгі сабаққа ниеттеніңіздер. Тақырып бойынша сізді ерекше толғандырған бір сұрақты таңдап алыңыз. Ол туралы не жазасыз? Жазудың формасы қандай болмақ? Проблеманы қалай айқындайсыз? Оның шешу жолдарын қарастырыңыз. Шешім сіздің өміріңізде қолданыс табады деп ойлайсыз ба?»

5. «Күрделі-жеңіл сұрақтар» стратегиясы

Оқушылар мәтінмен жұмыс істей отырып мәтін мазмұны бойынша өздері тың сұрақтар құрастырады. Оқушы қатесіз түсініп оқуға тырысады, қойған сұрағына өзі жауап беруге дайын тұрады, басқа оқушылардың сұрақтарын мұқият тыңдап сұрақ құрастырудың ерекшеліктерін түсінеді.

6. «Қарама-қайшылық» стратегиясы

көркем шығармалардағы образдардың іс-әрекетін, мінез-құлқын, туындының идеялық ерекшелігін ашу мақсатында колданылады.

7. Концептуалды кесте

кейіпкер жанын түсінуге, өмірлік ұстанымын тануға, оның іс-әрекетіне адамгершілік тұрғыдан баға беруге үйретеді.

8. Венн диаграмма

Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.

9. Концептуалды

кесте

Бұл әдісті сын тұрғысынан ойлау жобасындағы сабақтың үшінші ой толғаныс кезеңінде пайдалану тиімді. Мұғалім сабақ бойына қарастырылған жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені әлі де біле түсу керек екенін т.б. жайлы өз пікірін қағаз бетіне түсіруді тапсырады. Жазуға уақыт береді. Уақыт аяқталған кезде оқушылар өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты ұжымда оқуға болады.

Сипаттама Зерттеу объектісі	Эпитет	Теңеу	Кейіптеу	Синоним	Антоним

Үзінді	Қамысты терең көлдің сұқсырымын	Ақмарал осы жолы жығылмай кет.	Болғанда аузын сағат, ернін қақпақ.	Найманда екі жүзді наркескенмін.	Қанды көз, май жеп алғыш ақиықпын.	Жібекжол арғымақпын тұмарланған	Жел қобыз, жез тағалы еңіреумін
Біржан							
Сара							

Ұлы Абай он тоғызыншы қара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, тартып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады...» [3, 29 б] дегеніндей, баланы оқытуға белсенді іс-әрекет болғанда ғана нәтиже болады. Әрқашан белсенді іс-әрекетке негіз болатын әдіс-тәсілдер мұғалім мен оқушыны шығармашылыққа, ізденімпаздыққа жетелейді. Дамыта оқыту, шабыттандыра оқыту мұғалім шеберлігін танытады. Әдебиет сабағында үнемі шығармашылық ізденіспен жұмыс түрлерін жандандырса, әдебиет пәні жас жеткіншекке тәрбие сәулесін шашады. Әр шәкірт сөз өнерінің қилы-қилы құпияларын танып, шетсіз-шексіз сыр мен сезімге толып аспандай кең әсемдік әлеміне самғайды. Абай осы қара сөзін: «естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады, әрбір естелік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерде естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деп естілікке

Бүгінгі қоғамда шығармашыл, белсенді, дербес ойлайтын, өзіндік пікірі бар, қойылған мақсаттар мен міндеттерді қалыпты емес жағдайда шеше алатын адамдарға қажеттілік артып келеді.

Сондықтан қазір білім беруде оқу – тәрбие үрдісінің сапасын арттыру үшін жағдай жасау мәселесі кеңінен талқылануда, игі бастамалар қолдау тауып жатыр.

Ұлы Абай он тоғызыншы қара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, тартып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады...» [3, 29 б] дегеніндей, баланы оқытуға белсенді іс-әрекет болғанда ғана нәтиже болады. Әрқашан белсенді іс-әрекетке негіз болатын әдіс-тәсілдер мұғалім мен оқушыны шығармашылыққа, ізденімпаздыққа жетелейді. Дамыта оқыту, шабыттандыра оқыту мұғалім шеберлігін танытады. Әдебиет сабағында үнемі шығармашылық ізденіспен жұмыс түрлерін жандандырса, әдебиет пәні жас жеткіншекке тәрбие сәулесін шашады. Әр шәкірт сөз өнерінің қилы-қилы құпияларын танып, шетсіз-шексіз сыр мен сезімге толып аспандай кең әсемдік әлеміне самғайды. Абай осы қара сөзін:

«естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады, әрбір естелік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерде естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деп естілікке

Бүгінгі қоғамда шығармашыл, белсенді, дербес ойлайтын, өзіндік пікірі бар, қойылған мақсаттар мен міндеттерді қалыпты емес жағдайда шеше алатын адамдарға қажеттілік артып келеді.

Сондықтан қазір білім беруде оқу – тәрбие үрдісінің сапасын арттыру үшін жағдай жасау мәселесі кеңінен талқылануда, игі бастамалар қолдау тауып жатыр.

Инновациялық педагогикалық технологиялар мен әдістердің аясында оқу-зерттеу қызметі ерекше орын алады. Бұл жұмыстың бастауыш мектептен жақсы жолға қойылуы өте маңызды, өйткені дәл осы жастағы оқушыларға белсенді, шығармашылық және өзіндік іс-әрекеті, талдау, синтездеу және олардың нәтижелерін бағалау әдістері туралы білімнің, дағдылардың негізі қалануы керек.

ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу жұмысы - бұл мәселені шешудің маңызды жолдарының бірі. Оқушыларды «зерттеуші» позициясына қоятын мұндай әрекет қазіргі заманғы білім беру жүйелерінде жетекші орын алады.

Сатылай кешенді талдау дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар, оқушыларға білімнің ғылыми негізі сатылай, жүйелі, кешенді беріліп, ұлттық құндылықтарды бағалай қолдана білуге машықтандыратын оқыту түрі.

Сатылай кешенді талдау технологиясының мақсаты:

- тіл және әдебиет материалдарын оқушының жас ерекшелігін ескере отырып ғылыми негізде меңгерту.
- кез келген шаршы топта өз ойын шешен де шебер оқушының өз ана тілінің құдіретін басаға таныта, бағалай білуге үйрету.
- түрлі шығармашылық жұмыстар арқылы оқушыларды іскерлікке, тапқырлыққа баулу.
- жазба жұмыстарын сауатты, жоғары деңгейде, шығармашылықпен орындай білуге төселдіру.

Қазіргі уақытта кез келген оқыту әрекетіне қойылатын талап – адамға белгілі бір дағды, қабілет пен машықты игерту, яғни оқыту нәтижесінде адам тек теориялық білім алумен ғана шектелмей, қандай да бір әрекетті жүзеге асыруды үйренуі тиіс. Бұл ретте оқытудың дәстүрлі формаларын пайдалану жеткіліксіз. Керісінше, әрекетке бағытталған оқыту тәсілдерін пайдалану, интерактивті әдістемелерді қолдану әлдеқайда тиімді екендігі дәлелденуде

интерактивті оқыту «оқытушы» мен «оқушының» өзара іс-әрекеттесуін меңзейді, мұндағы ба-сты әрекет – «білімді алу, үйрену», яғни «оқушы-ның» әрекет барысында білімді өз бетімен игеруі.

Интерактивті оқытудың бір артықшылығы – оқыту үрдісі барысында оқушылардың өмірлік тәжірибесіне негізделген тұлғааралық қарым- қатынас жүзеге асады. Өмірлік тәжірибеге әр оқушының жеке пікірі мен көзқарасын, өзіндік ойы мен идеяларын, тұжырымдары мен дәлелдерін жатқызамыз. Оқыту барысында оқушылар бір- бірімен осындай тәжірибемен бөлісе отырып, өз беттерінше жаңа білім мен дағдыларды үйренеді.

Ұлтымыздың ұлы ұстазы А. Байтұрсынов XX ғасырдың басында белсенді танымдық әрекеттің рөлін өте жоғары бағалады. Ғалым: «бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімнің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру керек», - деген пікір білдірген [2, 336]. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда оқушының

мүмкіндігін ескеріп, оқу-зерттеушілік іс-әрекетін ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке ұштастыруда ғалым пікірін басшылыққа алуға әбден болады.

XX ғасырдың басында М. Дулатов «жас балаларды оқыған нәрсесі хақында ойлануға, оның мағынасын, қасиетін сездіруге үйрету жолын көрсеткен. Балалар оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып ойлануына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті һәм толық мағынасымен қалдыруға әдеттендіру керек, - деп түйіндейді [3, 239]. Бұдан автордың бүгінгі күнгі бастауыш сыныптарда сыни ойлауға үйрету деген ұғымның іргетасын қалаған деген пікірді ұстанамыз.

Сонымен қатар М. Жұмабаев өзінің еңбегінде ой қорытудың екі жолын талдап көрсеткен болатын. «Индукция – ойдың дербес көріністерінен жалпы көріністерге көшуі. Жалқы ойдан жалпы ойды шығару. Индукция арқылы заттар, көріністер арасындағы байламға қарай топ-топқа бөлеміз. Бұл - бір. Екінші – біз аз ғана бақыланған заттар, көріністер арқылы бақыланбаған, көрмеген, білмеген сансыз заттар, көріністерді шешеміз» - дей келіп, «Дедукция» ойдың жалпы заңнан дербес бір көрініске көшуі. Жалпы ойдан жалқы ой шығаруы, - деп анықтаған [4, 108]. Бұдан автордың ой еңбегінің екі жолын көрсеткенін, олардың бірінен бірінің туындайтынын ескере отырып, зерттеушілік іс-әрекетте екі жолды да пайдаланатылатынын атап өтуге болады. Ал Ж. Аймауытовтың ойынша, білімге деген ынталанушылық – адам бойындағы ой еңбегі күшінің қайнар көзі, сондай көздерді көбірек алу, өркендету - мұғалімнің бойына біткен қасиет болуы керек [5, 95]. Ұлтымыздың ұлы ағартушыларының зерттеушілік іс-әрекетке байланысты пікірлерін саралай отыра, бұл мәселе қай кезеңде де өзекті болғанын тануға болады.

Сабақ барысында зерттеу дағдыларын қалыптастырудың негізгі жолы – оқытудың проблемалық тәсілін қолдану. Проблемалық жағдайларды жүйелі түрде құру оқушылардың танымдық іздеу қызметін ынталандырады. Бұдан шығатын нәтиже қалыпты емес мәселелерді дербес шешу, салыстырмалы талдау және оқушы өзі шығаратын қорытынды болып табылады. Сонымен қатар, мәселені өз бетінше шешу білім алушыны шабыттандырады, олардың ерікті күш-жігерін жұмылдырады, танымдық процесті тартымды және маңызды етеді. Сондай-ақ барлық сыныптарда ойын сәттерін, сырттай саяхаттарды, ертегілерді немесе басқа ойын-сауық материалдарын енгізу пайдалы.

Оқушылардың зерттеушілік біліктері мен дағдыларын дамыту белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі. Сондай-ақ оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру және сол арқылы оқытудың тиімділігін арттыру, жаңа білім алу әдістерін меңгеру үшін де зерттеушілік дағдыларының қалыптасқаны тиімді болып табылады. Оқушыларға арналған мұндай сабақтар өзін-өзі бағалауды арттырады, бұл тең серіктестікте қарым – қатынастың басқа стилі, жағымды эмоциялар, өзін жаңа зерттеуші ретінде сезіну т.б. Мұның бәрі оларға шығармашылық қабілеттерін дамытуға, білімнің рөлін бағалауға және олардың практикада қолданылуын көруге, әртүрлі ғылымдардың өзара байланысын сезінуге, дербес және тақырыпқа қатысты мүлдем басқа көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Көркем сөз мәтінін оқып-үйренуде аса маңызды орын алатын жұмыстың бірі – шығарманың идеялық бағыты мен образдарын талдау. Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлықтарына, іс-әрекеттеріне талдау жүргізу оқушылардың дүниетану көзқарасын қалыптастыруға оларды адамгершілікке тәрбиелеу ісіне көмек етеді. Көркем образды танытуда «Қарама-қайшылық элементтер» стратегиясын қолданған тиімді. М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын оқыту барысында образдық талдау жасағанда бұл стратегияның маңызы зор.

Қарама-қайшы элементтер	
1. Ноян ел намысын жоғары ұстайды	1.Бірақ қалмақ қызымен жат жерге жол тартты
2. Баян туған бауырын жанындай жақсы көреді	2.Бірақ оны өз қолымен өлтіреді

3. Баян қалмақтардың соңынан аз қолмен бару қауіпті екенін біледі	3. Бірақ қалмақ әскеріне аз қолмен шабуыл жасайды
---	---

Бұл әдісті М.Мақатевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы басты образдың ішкі-жан-дүниесіндегі қарама-қайшылықтарды талдай отырып, оқушыларды олардың іс-әрекетіне баға беруге дағдыландыру үшін қолданудың маңызы зор.

Қарама-қайшы элементтер	
1. Ана ақуды атуға болмайтындығын біледі	1. Бірақ ол ақуға оқ атты
2. Тәуіп шал ақудың киелі құс екені біледі	2. Бірақ ол баланы ақумен аластау кере деді
3. Әке бала жанына араша түскісі келеді	4. Бірақ ақуды атуға бармады

Д.Исабековтың «Ата үміті» әңгімесіндегі қарама-қайшылық элементтерін тапқызудың да оқушылардың сыни ойлау дағдысын қалыптастыруға септігі мол.

1. Тоқсанбай қарт адам, жұмыс істеуге шамасы әрең келеді.	Бірақ дермене жинауға жұмысқа тұрады
2. Тоқсанбай мен Ергешбайдың Омаштың дермене ұрлап жүргені білуі	Бірақ Омашпен бірге жұмыс жасай беруі
3. Жаралы болсаң да арлы бол – Тоқсанбайдың сөзі	Бірақ ол осы сөзін ұмытып ұрлықтан түскен пайданы алу үшін Омашты іздейді

Қазақ тілі мен әдебиет пәні баланың жеке басын қалыптастыру мен дамытудың құнарлы өрісін білдіреді: интеллект, қиял, сөйлеу және шығармашылық қабілеттері дамиды, жаңа технологиялар оқушылардың тілдік, әлеуметтік-мәдени және басқа да құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға, шығармашылық, әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеуге белсенді ықпал етуге көмектеседі.

Төмендегі әдістер, жаттығулар және ойын тапсырмалары зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Олар қол жетімді, тиімді және оларды әртүрлі жас деңгейлерінде қолдануға болады.

«**Төрт сөйлем**» тәсілі сабақ басында оқушылар өздерінің түсінік және жұмыс жасау деңгейлерін бағалау үшін келесі тапсырмалар орындайды:

1. Пікір. Мәтін бойынша туындаған өзіндік пікірін бір сөйлеммен келтіру.

2. Дәлел. Келтірілген өзіндік пікірді бір сөйлеммен дәлелдеп шығуы керек

3. Мысал. Енді өзіндік пікірді тағы да бір негіздеп кетуі үшін бір сөйлеммен мысал келтіру қажет. Мысал өмірден, практикадан алынуы қажет.

4. Қорытынды. Өзіндік пікірді тағы да бір рет пысықтап, қорытынды шешімді бір сөйлеммен келтіру керек.

«**Төрт сөйлем**» тәсілі арқылы С.Мұратбековтың «Жусан иісі» повесін талдап көрейік.

1. Пікір: Соғыс уақытындағы жетім балалар тағдыры өте аянышты еді, себебі олар ана мейірімін, әке қамқорлығын көрмеді.

2. Дәлел: Аяның ертегісінің қызық болғаны соншалық, оның ертегісін тыңдаған балалар ертегіге кіріп кетіп, соғыстағы аға-әкелерін естеріне түсіріп, оларды тауып алып, бірге соғысуды армандайтын.

3. Мысал: Бір күні барлық ауыл балалары Аяның ертегісін тыңдауға жиналғанда, Аян көкесінің, өзінің киімінен жусанның иісі шығатынын айта бастады.

4. Қорытынды. Аян хат жазуды ең алғаш болып үйренген балалардың бірі еді, өзінің достарына хат жазуды үйреткен зерек бала.

Сондай-ақ, оқушыны өз пікірін айта білуге жетелеуде оның сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Барлық осы әдістер, жаттығулар мен ойын тапсырмалары зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеу дағдыларын қалыптастырудың екінші тәсілі-мектеп оқушыларының зерттеу жұмысының кең таралған түрлерінің бірі ретінде жоба әдісін қолдану. Дәлірек айтқанда, бұл дағдыларды дамытудың жолы. Зерттеу дағдыларына ие болмағандықтан, жобаны сәтті орындау мүмкіндігі туралы айту қиын.

Тек жоба немесе зерттеу қызметінің басқа түрі ғана тақырыпты таңдау, оның өзектілігін, жаңалығын анықтау, жұмыс кезеңдерін жоспарлау, талаптарға сәйкес жұмысты жобалау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жобаны қорғау барысында презентациялық дағдылар қалыптасады және дамиды. Сонымен қатар монологтық сөйлеу, көрнекі құралдарды пайдалану, аудиторияны игеру сияқты дағдылары қалыптасады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі күні білім берудің басты мақсаты оқушыларды біліммен қаруландыру емес, оларда жалпы оқу біліктілігі мен дағды, құзіреттіліктерді қалыптастыру, басты міндеті оқушы тұлғасының жан-жақты, үйлесімді дамуы үшін жағдай туғызу деген түйін шығара аламыз. Ол үшін әрбір баланың қандай да бір өзіне тән қабілетін ашып және дамыта түсу керек. Барлық баланың табиғатынан зерттеуші болуға, оқуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылысы жоғары болғандықтан, бала қабілетін ашу және дамыту құралдарының бірі, біздің ойымызша, зерттеушілік әрекет болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Ташкент: 1926. –231 б
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі: оқулық. А.:Рауан, 1997. –288 б.
3. Құнанбаев А. Қалың елім, қазағым: Өлеңдер/Абай Құнанбаев; Жауапты ред. ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Зәки Ахметов. А.: Атамұра, 2002. – 224б.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 442 б. 159
5. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Мектеп, 1991. – 384 б.
6. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
7. Аймауытұлы Ж. Психология. – Алматы, 1995. - 312

REFERENCES

1. Baitursynuly A. Ádebiet tanytqysh. Tashkent: 1926. –231 b
2. Bitibaeva Q. Ádebietti oqytý ádistemesi: oqúlyq. A.:Raýan, 1997. –288 b.
3. Qunanbaev A. Qalyń elim, qazaǵym: Óleńder/Abai Qunanbaev; Jaýapty red. QR Ulttyq ǵylym akademiasynyń akademigi Zákı Ahmetov. A.: Atamura, 2002. – 224b.
4. Baitursynov A. Til taǵylymy. – Almaty: Ana tili, 1992. – 442 b. 159
5. Dýlatov M. Shyǵarmalary. – Almaty: Mektep, 1991. – 384 b.
6. Jumabaev M. Pedagogika. – Almaty: Ana tili, 1992. – 160 b.
7. Aımaýytuly J. Psihologıa. – Almaty, 1995. - 312

Пути развития исследовательских способностей учащихся на уроках казахской литературы

Б.Е. Акмагамбетова¹, Н.К. Смагулова Н. К.²

¹Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, г. Астана, 010000. Республика Казахстан

²Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000. Республика Казахстан

Исследования повышают активность учащихся. Кроме того, у учащихся развиваются такие навыки, как самостоятельность, системное мышление, самостоятельность суждений, гибкость, критичность. Формирует творческие качества личности. Привлечение к исследовательской работе, несомненно, повысит интерес к предмету. Исследовательская деятельность привносит разнообразие и эмоциональную окраску в учебную работу. Замедляет утомляемость ученика, развивает внимание, сообразительность, взаимопомощь. Способствует формированию мировоззренческой позиции обучающегося.

Ways to develop students' research abilities in kazakh literature lessons

B.E. Akmagambetova¹, N.K. Smagulova N. K.²

¹ L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000. The Republic of Kazakhstan.

²Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, 020000. The Republic of Kazakhstan

The work of the study increases the activity of students. In addition, students develop skills such as Independence, systematic thinking, independence of judgments, flexibility, and criticality. Forms the creative qualities of the individual. Involvement in research work will undoubtedly increase interest in the subject. Research activities introduce diversity and emotional coloring into the academic work. Slows down the student's fatigue, develops attention, quick wit, mutual assistance. Contributes to the formation of the student's worldview.

МҒТАР 14.14.01

А.А.Кереева

педагогика ғылымдарының магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.010000, Қазақстан Республикасы: <https://orcid.org/0009-0003-5053-0333> _E-mail: ardana87@mail.ru

ШЕТ ТІЛІ ПРЕДЛОГТАРЫН ТҮСІНДІРУ БАРЫСЫНДА КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАНЫ ҚОЛДАНУ

Тақырыптың өзектілігі қазіргі зерттеулерде лингводидактика мен әдістемедегі когнитивті лингвистиканың жетістіктерін жүзеге асырудың жолдары мен тәсілдері кеңінен талқыланатындығына байланысты. Мұндай зерттеулерде предлогтарды қолдану ерекшеліктерін түсіндіруге көп көңіл бөлінеді. Белгілі жайт, предлогтардың көпшілігі (әсіресе бастапқы) көп мағыналы, оларды үйрену қиын, оларды қолдану көбінесе ана тілінің араласуына әкеледі. Дәстүрлі оқулықтарда кез-келген предлогтың негізгі мағыналарын немесе оның мағыналарының бүкіл тізімдерін механикалық түрде жаттау ұсынылады, ал мұндай тізімдердегі мәндер бір-бірімен байланысты емес. Когнитивті лингвистика предлогтарды зерттеуге балама тәсілді ұсынады, оның негізінде предлогтың әртүрлі мағыналары өзара байланысты және радиалды типтегі құрылымды құрайды деген пікір жатыр. Когнитивті лингвистика шеңберіндегі предлогтардың полисемиясын талдау